


К.Т. Туенбаева*, Д.Е. Сейтимбетова 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: tkt.kalima@gmail.com

АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ ДАМУ ХРОНОЛОГИЯСЫ: АҚШ, АНГЛИЯ, ФРАНЦИЯ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ

Авторлық құқық туралы заңды мұқият қайта қарау әдеби және көркем туындылардың материалдық құнының едәуір өсуіне, сондай-ақ оны қорғауға қатысты күрделі мәселелерге байланысты өте маңызды. Авторлық құқық туралы ереже авторлық құқық саласындағы негізгі үш саясатты қамтиды: Авторлық құқықты цензуралауды болдырмау үшін, авторлық құқық оқытуға ықпал етуі керек; авторлық құқық қоғамдық меншікті қорғауы және кеңейтуі керек; және авторлық құқық авторлық құқықпен қорғалған материалдарға қоғамдық қолжетімділікті қамтамасыз ету болып табылады.

Бұл мақаланың негізгі мақсаты – авторлық құқық туралы заңның дамуы кезеңдерін, жалпы принциптерін және авторлық құқық туралы заң дереккөздеріне талдау жасау.

Қазіргі уақытта цифрлық технологиялар ақпаратты жаппай тарату әлеуетімен бірдей терең әлеуметтік өзгерістердің қозғаушы күшіне айналды, сондықтан авторлық құқық туралы заңның негіздерін материалдық емес меншік құқығы ретінде, оның даму эволюциясы мен қолданылу аясын, ерекшеліктер мен шектеулерді, технологиялық инновациялардың, прогресс пен революцияның заманауи қажеттіліктерін ескере отырып қайта қарастыратын уақыт келді.

Кітапханашылар ақпарат саласындағы мамандар ретінде авторлық құқыққа қатысты өз құқықтары мен міндеттеріне ие. Мақалада авторлық құқық туралы заңның тарихи дамуын, біріздендіру және үйлестіру үрдісі мен оны кітапхана саласында қолдану, кітапханашылардың құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ, авторлық құқықты шектеу және қорғау туралы зерттеуге әрекет жасалды.

Түйін сөздер: авторлық құқық тарихы, зияткерлік меншік, кітапханашылар, авторлық құқық субъектілері.

K.T. Tuenbayeva*, D.E. Seitimbetova

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: tkt.kalima@gmail.com

Chronology of copyright development: the history of the formation of the foundations of copyright in the USA, England, France and the Republic of Kazakhstan

A thorough revision of copyright law is extremely necessary due to a significant increase in the material value of literary and artistic property, as well as serious problems with its protection. The copyright statute encompasses three main copyright policies: copyright must encourage learning to avoid copyright censorship; copyright must protect and expand the public domain; and copyright is to provide public access to copyrighted materials.

The main purpose of this article is to study the development of copyright law, the general principles of this topic and the analysis of the sources of copyright law.

Currently, digital technologies with their potential for mass dissemination of information have become a catalyst for such profound social changes that it is time to rethink the basics of copyright law as intangible property rights, its evolution and scope, exceptions and limitations, taking into account the modern needs of technological innovation, progress and revolution.

Librarians, as information professionals, also have their rights and responsibilities in relation to copyright. The article attempts to study the historical development of the copyright law, as a process of unification and harmonization and its application in the library sphere, the rights and obligations of librarians, as well as restrictions and protection of copyrights.

Key words: history of copyright, intellectual property, librarians, subjects of copyright.

К.Т. Туенбаева*, Д.Е. Сейтимбетова

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: tkt.kalima@gmail.com

Хронология развития авторского права: история становления основ авторского права в США, Англии, Франции и в Республике Казахстан

Тщательный пересмотр Закона об авторском праве остро необходим ввиду значительного увеличения материальной стоимости литературной и художественной собственности, а также сложных проблем, касающихся ее защиты. Положение об авторском праве содержит три основные политики в области авторского права: Авторское право должно способствовать обучению, чтобы исключить цензуру авторских прав; авторское право должно защищать и расширять общественное достояние; и авторское право заключается в обеспечении публичного доступа к материалам, защищенным авторским правом.

Основная цель этой статьи – изучить развитие закона об авторском праве, общие принципы, лежащие в основе этого предмета и анализ источников законодательства об авторском праве.

В настоящее время цифровые технологии с их потенциалом массового распространения информации стали катализатором столь же глубоких социальных изменений, что пришло время переосмыслить основы закона об авторском праве как права нематериальной собственности, его эволюцию и сферу его действия, исключения и ограничения, принимая во внимание современные потребности технологических инноваций, прогресса и революции.

Библиотекари, как профессионалы в области информации, также имеют свои права и обязанности в отношении авторского права. В статье предпринята попытка изучить историческое развитие закона об авторском праве, как процесс унификации и гармонизации и его применение в библиотечной сфере, права и обязанности библиотекарей, а также ограничения и защиту авторских прав.

Ключевые слова: история авторского права, интеллектуальная собственность, библиотекари, субъекты авторского права.

Кіріспе

Қазіргі қоғам тек жермен, еңбекпен және капиталмен сипатталмайды, ол сондай-ақ экономикалық, мәдени және әлеуметтік-саяси дамуда маңызды рөл атқаратын ақпаратпен сипатталады (Бритц, 2004: 192).

Бүгінгі таңда ақпарат адам қызметінің сан алуан саласында тауар ретінде танылады. Бұл ақпараттың пайдалану құндылығына негізделгендіктен ақпарат арқылы басқа ақпарат немесе тауарды жылдам, сапалы жасауға көмектеседі.

Ақпарат адамның шығармашылық іс-әрекетінің өнімі ретінде қарастырылғанымен, ол сондай-ақ, кез келген басқа тауар сияқты иеленуге, айырбастауға және сатуға болатын зияткерлік меншік түрі болып саналады.

Заңмен қорғалатын басқа да тауарлар сияқты, зияткерлік меншік пен авторлық құқық, атап айтқанда, заңдармен, шарттармен және келісім-шарттармен қатаң реттеле бастады. Авторлық құқық белгілі салалар бойынша коллекциялар құрудан бастап жергілікті саясат пен оқытуды қалыптастыруға дейінгі барлық ақпараттық мамандықтардың аспектілеріне әсер етеді. Соңғы жылдары авторлық құқық туралы заңдар мен кітапхана қызметінің дамуы арасындағы тығыз

байланыс цифрлық ортаның әсерінен күшейіп, күрделене түсті. Осы себепті кітапханашылар өздерінің функциялары мен міндеттерін орындау үшін немесе әріптестер мен пайдаланушыларға барынша тиімді қызмет көрсету үшін авторлық құқық туралы жан-жақты білімге ие болуы керек.

Авторлық құқық зияткерлік меншік құқығы деп аталатын ауқымды заңдар жинағының бір бөлігі болып табылады. Авторлық құқық саласындағы сауаттылықтың (білім мен дағдылар) жоғары деңгейін және авторлық құқық саласындағы институционалдық саясатты іске асыру қабілетін дамыту кітапхана және ақпараттық ғылымдар мен мәдениет саласындағы мамандар үшін маңызды мәнге ие.

Авторлық құқықтың эволюциясы: пайда болудан бүгінгі күнге дейін. Алғашқы қауымдық жүйеде субъективті құқықтар мүліктік құқықтық қатынастар саласында дамыды. Бұл, әрине, қоғамның өзін қажетті заттармен қамтамасыз ету қажеттілігі: тамақтану, өндіріс құралдары, тұрмыстық заттармен байланысты. Тіпті отбасылық құқықтық қатынастар ерлі-зайыптылардың материалдық және физиологиялық мүдделері тұрғысынан қарастырылды. Алайда, өндірістің

дамуымен және өмір сүру деңгейінің жоғарылауымен адам өмірінің материалдық компонентін ғана емес, сонымен бірге интеллектуалды, рухани игіліктерді құруға бағытталған рухани құндылықты да бағалай бастайды. Осы зияткерлік қызметтің көптеген өнімдері қоғамдық тануға ие болады, нәтижесінде олар жеке ғана емес, сонымен бірге қоғамдық игілікке айналады. Сонымен қатар, ақпарат кейбір экономикалық құндылықтарға ие болады. Мұндай рухани игіліктерге, мысалы, әдеби шығармалар, суреттер, ғылыми және техникалық жаңалықтар жатады (Покровский, 1998:349).

А.В. Панкевичтің пікірінше, авторлық құқықпен қорғалуы керек материалдық емес тауарларға мыналар жатады:

1) әріптер арқылы қағазға аударылған сөздермен берілгенде сыртқы сезім мүшелеріне қолжетімді формаға ие әдеби туынды.

2) ноталар арқылы айтылатын музыкалық туындылар;

3) басқа шартты-символдық белгілермен көрсетілген ақыл-ой қызметінің туындылары (Панкевич, 1878:59).

Осылайша, адамның рухани және интеллектуалдық қызметін дамытудың негіздерін жасау қажеттілігі туындайды. Қарапайым құқықтық жүйелерде ғана емес, тіпті Рим құқығы сияқты мәдени және дамыған құқықтарда да мұндай қызмет оның өнімдеріне, олардың авторларына ешқандай субъективті құқықтар бермеді және ешқандай құқықтық қорғауға ие болмады. Кез келген адам автордың туындыларын оның келісімін алмай-ақ басып шығаруға, көбейтуге немесе оның өнертабысын пайдалануға құқылы болды. Екінші жағынан, сол кезде көбейтудің күрделілігіне байланысты зияткерлік меншік объектілері өте шектеулі мөлшерде таралды. Өйткені, әдеби туындының бірнеше көшірмесін жасау үшін әр көшірмені қолмен қайта жазуға тура келді. Авторлық құқықты қорғаудың даму тарихын, сондай-ақ шектеулерге байланысты туындаған мәселелерді қарастырайық.

Нәтижелері және талқылау

Орта ғасырлар. Алғашқы артықшылықтар муниципалды игіліктің бір түрі ретінде қарастырылды және «артықшылықтар» деген атаумен танылды. Мұндай артықшылықтар өнертапқыштарға, жаңа технологияларды енгізушілерге, сауда жүргізу немесе басқа өндірістік қызметпен айналысу құқығына мүмкіндік беретін әртүрлі формадағы эксклюзивті монополиялардан

бастап, баспагерлер мен авторларға жұмысты басып шығаруға және сатуға айрықша құқықтар беретін баспа артықшылықтарын да қамтыды.

Көптеген ғалымдар мен өнер адамдары автордың туындыларын жеке адамның шығармашылығы емес деген көзқарасты ұстанды; олар оны жүзеге асыруға болатын тек құдайлық білімнің «бағыттаушылары» деген түсінікте болды. Тиісінше, өз туындыларына құқықты талап ету мағынасыз және күнә деп санады.

Иоганн Гуттенберг 1456 жылы жылжымалы металл әріптері бар баспа машинасын ойлап тапқаннан кейін жағдай толығымен өзгерді. Бұл әдеби шығармаларды өнеркәсіптік пайдаланудың жаңа дәуірін белгілеп қана қоймай, мәдениетті дамыту және әдеби туындыны ынталандыру үшін өте маңызды болды. Әдеби меншік деп аталатын құқық алғаш рет оның мүліктік мүдделерін қорғау үшін туындыны шығарушының құқығы түрінде пайда болады.

Кітапты басып шығару әдеттегі коммерциялық мақсатқа айналды. Сондықтан белгілі бір кітапты белгілі бір баспагерге шығару құқығын қамтамасыз ету және оны басқа адамдардың қайта басып шығаруына тыйым салу мақсатында артықшылықтар пайда бола бастады (Судариков, 2000:512).

Алғашқы танымал болған баспа артықшылығы Венеция Республикасында 1491 жылы берілді (Спасович, 1865:106).

Германияда мұндай артықшылықтарды император бүкіл империяға, сондай-ақ қалаларда жергілікті рухани және зайырлы билеушілер де таратты. Артықшылықтарда әдетте контрафакт жасаушыға тағайындалуы мүмкін айыппұл көлемі белгіленді. Берілген артықшылық туралы мәлімет шығарылған кітаптың басында немесе соңында көрсетілді.

Францияда артықшылық барлық соттарға корольдік арнайы жолдау түрінде берілді. Артықшылықтар мерзімсіз, 2 жылға немесе 5 жылға берілді. Артықшылықтардың қысқа мерзімге берілу себебі өтініш берушілердің (бұл жерде кітап сатушылары мен баспагерлер) және басылымның таралуы мен сатылымына байланысты ұзартылуы мүмкін болды. Авторларға ешқандай артықшылық берілмеді, олар тек біржолғы қаламақымен (гонорар) қанағаттанды. Автор қаламақысын алғаннан кейін қолжазбаға иелік ете алмады және шығарманы толықтай баспагерге немесе кітап сатушыға тапсырып, тек қарапайым жалақымен шектелді, ал кітап сатушылардың артықшылықтардың арқасында жылдам байыуына жол ашылды.

Ағылшын үкіметі XVI ғасырдың екінші жартысында кітап басып шығару ісі мемлекеттің дамуы үшін пайдалы ғана емес, сонымен бірге шіркеу мен Үкіметтің беделіне нұқсан келтіріп, халық арасында шатасулар тудыруы мүмкін екенін түсінді. Содан кейін кітап шығаруға монополия енгізу туралы шешім қабылданды. 1566 жылы кітап шығарушылар гильдиясы (бірлестіктері) құрылды, ол ерекше басылым құқығына ие болды. Кітап шығарғысы келетіндер осы гильдияның арнайы тізіліміне енгізіліп, қажетті баж салығын төлеп, кітапты басып шығаруға рұқсат (лицензия) алуы керек болды. Бұл өзгерістер Элизабет ұсынған алдын ала цензураны енгізуге мүмкіндік берді.

Англияда Карл I басқару кезеңінде 1637 жылғы жарлыққа сәйкес баспаханалардың санына шектеу қойылды, яғни олардың жалпы саны 20-дан аспауы тиіс болды. Бұл Корольдік басқару жүйесінің революцияның алдын алуға бағытталған әрекеттері контрафактілік шығармалардың таруына тосқауыл қойғанымен, кітап жазушы авторларға айтарлықтай пайдасы болмады. Кітап шығарудың барлық пайдасы баспагерлерге тиесілі болды.



1-сурет

1694 жылғы революциядан кейін біраз уақыт өткен соң цензура жойылды. Осылайша, баспасөз бостандығы және онымен бірге контрафактілік басылымдардың пайда болуының қаупі басым болды. Осыған байланысты баспагерлер өздері иелік ететін басылымдардың заңсыз қайта

басып шығарудан қорғау туралы мәселе көтере бастады. XVIII ғасырға дейін баспагерлерге бұл артықшылықтарды монархтардың бергені белгілі, алайда олардың өтініштеріне қарамастан Үкімет алдында авторлардың немесе құқық иелерінің құқықтарын қорғайтын жалпыазаматтық заң қабылдау қажеттілігі туындайды (Спасович, 1913:286).

Алғаш рет автордың құқықтарын қорғау қажеттілігін 1709 жылғы Анна патшайымның жарлығы деген атпен танылған ағылшын заңы мойындады. (1-сурет. Уикипедиядан алынған сурет https://en.wikipedia.org/wiki/Statute_of_Anne).

Бұл заңға сәйкес «авторлық құқық иесі» ұғымы енгізіліп, алғаш рет шығарма авторының меншік құқығын қорғаудың белгіленген шарттарын айқындады. Заң жобасы аясында лицензиясыз, яғни заңсыз түрде кез келген кітапты сатқан немесе шетелдерге шығарған адамға айыппұл салу қарастырылды. Осы Заң аясында авторлық құқықпен қорғалған туындылар арнайы депозитории кітапханаларда сақталып, Stationers' Hall-да тіркелуі керек болды. Заңды депозиттер жүйесі корольдік кітапхананың, Оксфорд және Кембридж университеттерінің айналасында шоғырланған жағдайда кез келген авторлық құқықты қорғауды қажет ететін кітапты кеңсе тауарларының тізіліміне енгізуді талап етті.

Осы Заңға сәйкес авторға немесе кеңсе тізіліміне тіркелген басылымдарға заңды құқық иелеріне кітаптың бірінші данасы басылып шыққаннан бастап 14 жыл ішінде қайта басып шығаруға айрықша басымдылықтар қарастырылды және туындының авторы осы мерзімнен ары қарай тірі болған жағдайда, бұл мерзім 28 жылға дейін ұзартылды. Кітап шығаруға байланысты құқықтар бұзылған жағдайда құқық бұзушыдан бүкіл басылым тартып алынды және оған айыппұл салынды. 11 бөлімнен тұратын Анна патшайымның Жарлығы ресми түрде «Авторларға немесе сатып алушыларға аталған уақыт ішінде баспа кітаптарының көшірмелерін беру арқылы оқытуды ынталандыру туралы заң» деп аталады (Свечникова, 2009:208).

Заңның кіріспесінде заңнаманың мақсаты – кітап саудасын ретке келтіру деп көрсетілген. Содан кейін заң авторлық құқықтың сипатын көрсете отырып жалғасты. Құқықты беру – көшірме жасау құқығы; сатылғаннан кейін осы құқықтың иесінің пайдасына ешқандай шартсыз кітаптарды басып шығару мен қайта басып шығаруды ерекше бақылауға ие болу құқығы болды (Harris, 2015).

Авторлық құқықтар бұзылған жағдайда, осы құқық бұзушылықты жасаған адам кітаптың әр парағы үшін бір пенни айыппұл төлеуге мәжбүр болды, оның бір бөлігі кітап авторына жіберілді, ал екіншісі мемлекетке өтті. Сонымен қатар, кітаптың заңсыз жасалған көшірмелері жойылуы керек болды (Fogeman, 2012).

Аннаның патшайымның жарғысы 1842 жылғы авторлық құқық туралы Заң (Ұлыбритания) оны ауыстырғанға дейін күшінде болды. 1842 жылы Авторлық құқықты қорғау мерзімін 42 жылға және автор қайтыс болғаннан кейін 7 жыл мерзімге белгілейтін заң қабылданды (авторлық құқық иесіне тиімдірек), сонымен қатар, авторлық құқықтың тиесілілігін дәлелдеу үшін кітап шығарушылар гильдиясының тізілімінде тірке-

лу қажеттігін атап көрсетті. Бұл тіркеусіз авторлық құқықты қорғау туралы талаптарды соттар қабылдамады және басқа елдерден контрафактілі жолмен кітаптар әкелінген жағдайда олардың көшірмелерін тәркілеу, жою және әрбір әкелінген кітаптың екі еселенген бағасын өндіріп алу, айыппұл салу белгіленді.

АҚШ пен Ұлыбританияның авторлық құқыққа қатысты заңнамалар жиынтығы көп жағынан бір-біріне ұқсас болды. Алайда АҚШ – та 1787 жылғы Конституция қабылданғаннан кейін бұл мәселе Конгресстің құзыретіне жатқызылды. 1790 және 1802 жылдардағы заңдармен Конгресс авторларға 1709 жылғы Анна патшайымның Жарғысына сәйкес пайдалану құқықтарын берді (2-сурет).



2-сурет – Конгресстің алғашқы авторлық құқық туралы заңы

АҚШ-та 1831 жылы қабылданған Заң бойынша Конгресс авторлардың құқықтарын қорғау мерзімін 28 жылға дейін көтерді және осы мерзім өткеннен кейін автор немесе артында қалған мұрагерлері, әйелі немесе балалары бар болған жағдайда тағы да 14 жылға ұзартуға құқық берді. Сондай-ақ құқығы қорғалатын авторлар тізіміне композиторларда енгізілді. Композиторлардың рұқсатынсыз ноталық жазбаларды қайта басып шығаруға және сатуға тыйым салынды.

1856 жыл. Драмалық шығармаларды авторлық құқықпен қорғауға рұқсат етілді.

1865 жыл. Авторлық құқық фотосуреттерге қолданылды.

1870 жылдан бастап авторлық құқықты тіркеу Конгресс кітапханасының міндетіне жүкте-

ліп, кітапхана осы бағыттағы барлық жұмыстарды жүзеге асыра бастады. Авторлық құқықты тану және осыған байланысты туындайтын қатынастар суретшілер мен мүсіншілер туындыларына да қатысты қолданылып, кең тарала бастады. Алайда, заңға сәйкес әдеби туындының шет тілінде аудармасын жасауға және оның негізінде сахналық қойылымдар қоюға тыйым салынбайтын болғандығын бөлек атап өткен жөн.

1976 жылы 19 қазанда президент Джеральд Форд Авторлық құқық туралы Заңға қол қойды, бұл 1909 жылдан бергі авторлық құқық туралы заңның алғашқы ірі қайта қаралуы еді. Заң, кейбір ерекшеліктерді қоспағанда, 1978 жылдың 1 қаңтарында күшіне еніп, 1909 жылғы Заңды ауыстырды. 1976 жылғы Заң бойынша авторлық

құқықты қорғау барлық жарияланған немесе жарияланбаған жұмыстар материалдық түрде бекітілгеннен кейін ғана мүмкін болды (https://www.copyright.gov/timeline/timeline_1950-2000).

Қазіргі заманғы авторлық құқық тұжырымдамасы Гутенбергтің баспа машинасын ойлап табуынан басталады. Осы уақытта The Stationers' Company Ұлыбританияда әдеби шығармаларды басып шығаруға (және цензураға) ерекше өкілеттікке ие болды. Көшірудегі мұндай шектеулерге қарамастан, баспа машинасы технологиясы кітаптарды көшіруге кететін уақытты күрт қысқартты және көшірме жасаудың жеңілдігін арттырды.

Францияда жеке артықшылықтардан жалпыазаматтық заңға көшу корольдік кеңестің 1777 жылғы қаулысынан басталды, оған сәйкес арықшылық құқығы авторға және оның мұрагерлеріне, егер ол өз құқықтарын басқа баспагерге бермеген жағдайда бүкіл ғұмыры бойына берілді. 1791 жылғы төңкерістен кейін құрылтай жиналысы драмалық шығармаға байланысты заң қабылдады, бұл заң автордың бүкіл ғұмырына және мұрагерлеріне автор қайтыс болғаннан кейін 5 жыл ішінде театрларда осы пьесаны қоюға айрықша құқығын қамтамасыз етті.

1793 жылы халық конвент Заңы автор қайтыс болғаннан кейін 10 жыл ішінде оның туындыларының қайта шығарылуына қатаң тыйым салып, авторларлық құқық аясын біраз кеңейтті және авторлық құқық 1810 жылғы империялық жарлыққа, 1854 жылғы заңға сәйкес, автордың жесіріне өмір бойына, мұрагерлеріне тағы 30 жылға беруді қарастырды. Егерде автор қайтыс болғаннан кейін артында мұрагерлері қалмаса немесе авторлық құқық басқа бір адамға берілген жағдайларда, авторлық құқық 10 жылдан соң жарамсыз деп танылды (https://ru.wikipedia.org/wiki/История_авторского_права).

Авторлық құқыққа қатысты талаптар Ресей мемлекетінде басқа елдерге қарағанда өзгеше болды, өйткені ол бастапқыда баспаға, үкімет құрған және оны қолдайтын кейбір заңды тұлғаларға немесе ғылыми ұйымдарға артықшылықтар берді. Іс жүзінде баспа қызметіне мемлекеттік монополия болды. 1732 жылы Ғылым Академиясының шағымдары бойынша Ресейге шетелде қайта басылған басылымдарын әкелуге тыйым салынды. Жеке баспахананы ашуға алғашқы рұқсат тек 1771 жылы шетел әдебиетіне цензура енгізумен қатар берілді (Карамышев, 1895:31).

1973 жылғы 15 қаңтардағы Жарлыққа сәйкес жеке баспаханалар жұмысына рұқсат беріл-

ді. 1828 жылы авторларға әдеби шығармаларын пайдалануға құқық беретін Цензура Жарғысының арнайы тарауы қолданысқа енді және авторлық құқық мәселесіне арналған 5 мақаламен толықтырылды. Жарғының «Кітап жазушылар мен баспагерлер туралы» бөлімінде авторлардың өз туындыларына өмір бойына және мұрагерлеріне автор қайтыс болғаннан кейін 25 жыл бойы сақталатын авторлық құқықты бекітті.

1830 жылы «Авторлардың, аудармашылардың және баспагерлердің құқықтары туралы» заң шығарылды, ол авторлық құқықтар мен меншік құқықтарын теңестірді, контрафакт ұғымдарына анықтама берілді және ол үшін жауапкершілік қарастырылды.

1845 жыл. Композиторлардың авторлық құқығына қатысты заң қабылданды.

1846 жыл. Авторлық құқық суретшілер мен сәулетшілерге берілді.

1874 жылы орыс жазушылары мен драматургтері авторлық құқықты қорғау қоғамын құрып, авторларға авторлық қаламақыларды төлей бастады. Сондай-ақ, театр саласы бойынша авторлық қаламақы құқықтары, орындаушылардың құқықтары орнығып, авторларға театр қойылымдары үшін алымдардан пайыздық төлемдер төлене бастады.

1897 жылы Ресей империясының Мемлекеттік Кеңесі осы салада жинақталған тәжірибелік сұрақтарға жауап беретін және шығарма авторлары мен олардың пайдаланушыларының құқықтарын тиімді қорғауды қамтамасыз ететін жаңа заңды әзірлеуге қатысты шешім қабылдады.

1911 жылғы 20 наурызда қабылданған авторлық құқық туралы Ережеде соңғы жылдары Батыс елдерінде авторлық құқық саласы бойынша жасалынып жатқан оң өзгерістер көрініс тауып, толықтырулар енгізіліп шығуымен маңызды болды.

Кеңес кезеңі. Кеңес Одағы кезеңінде авторлық құқықтық қатынастар мемлекет тарапынан қатаң қадағалауда және авторлардың құқықтары шектеулі, мемлекетке тәуелді болады. «Мемлекеттік баспа туралы», «Ғылыми, әдеби, музыкалық және көркем шығармаларды мемлекеттік игілік деп тану туралы» жарлықтарға сәйкес көптеген жазушылар мен композиторлардың туындылары мемлекет меншігі болып танылып, мемлекет тарапынан монополия орнатылды.

Жаңа экономикалық саясат кезеңінде Авторлық құқыққа қатысты мәселелер көтеріліп, 1928 жылы «Авторлық құқық негіздері туралы» заң қабылданды, заңға сәйкес авторлық құқық ав-

торлардың өмір бойына, мұрагерлеріне 15 жылға берілді және туындыларды пайдалану үшін автордың келісімі керек болды.

КСРО кезеңінде авторлық құқық қатынастары Одақтас республикалардың азаматтық заңнамалары шеңберінде, Үлгілік авторлық шарттар, Азаматтық кодекстердің «Авторлық құқыққа» қатысты тараулары, авторлық қаламақы туралы республикалық қаулыларында қарастырылды.

1973 жылы КСРО – ның «Авторлық құқық туралы дүниежүзілік конвенцияға» қосылуы (1952 жылғы Женева редакциясы) осы саладағы бірқатар мәселелерді: шетелдерде жарық көрген туынды авторларының құқықтары, аударма құқығының сақталуын қамтамасыз етті және авторлық құқықты автор қайтыс болғаннан кейін қорғау мерзімін 25 жыл деп белгіледі.

Авторлық құқық туралы кеңестік заңнамада авторларға тек бірнеше негізгі құқықтар қарастырылған, олар негізінен авторлардың туындыларын пайдаланғаны үшін авторлық қаламақы алу құқығын қамтыды және қаламақы төлеу тәртібі мен мөлшері мемлекет тарапынан белгіленді және Бүкілодақтық авторлық құқық агенттігі (1973 жылы құрылған жартылай мемлекеттік ұйым) арқылы жүзеге асырылды.

Қазақстан Республикасының 1996 жылы қабылданған «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар» туралы Заңы авторлық құқықты қорғау жөніндегі халықаралық шарттарға, заңдарға, Женева, Берн конвенцияларының ережелеріне сай әзірленді. Алайда Заңға 2004 жылы туындылардың жаңа түрлерінің пайда болуына, 2005 жылдары зияткерлік меншік құқықтары мәселелері бойынша авторлық құқықтарды қорғау мерзімін 50 жылдан 70 жылға дейін ұлғайтуға байланысты, 2009 жылы Авторлық құқық және орындау мен фонограммалар жөніндегі ДЗМУ шарттарының ережелеріне сәйкес келтіру мақсатында өзгерістер енгізілді.

Автор жасаған туындылар авторлық құқық объектілері деп аталады. Оларға әдеби, сценарийлік және музыкалық шығармалар, хореография, кескіндеме, мүсін және сәулет туындылары, жоспарлар, эскиздер, иллюстрациялар, үш өлшемді шығармалар, аудармалар, рефераттар, түйіндемелер және мәліметтер базасы жатады.

Авторлық құқыққа қатысты заң талаптары: ресми құжаттар, мемлекеттік нышандар мен белгілер, халық шығармалары мен ақпараттық сипаттағы (оқиғалар мен фактілер) хабарларға қолданылмайды.

Авторлық құқық автордың бүкіл ғұмыры бойы және ол қайтыс болғаннан кейін 70 жыл

бойы жарамды, ал егер туынды бірлесіп жасалған болса, онда ол авторлардың соңғысы қайтыс болғаннан кейін жетпіс жылдан кейін тоқтатылады (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z960000006>).

Қазақстан аумағында жарияланған немесе ондағы түпнұсқадағы туынды Қазақстан Республикасында авторлық құқықпен қамтамасыз етіледі. Ол сондай-ақ, алғаш рет жария етілген немесе қазір шет мемлекеттің аумағында жүрген Қазақстан азаматтарының шығармаларына да қолданылады.

Қазақстан Берн конвенциясына Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 қарашадағы № 297-1 Заңымен қосылды және Конвенция елімізде 1999 жылғы 12 сәуірден бастап күшіне енді.

Әдеби және көркем шығармаларды қорғау жөніндегі Берн конвенциясы. Берн конвенциясы – бұл авторлық құқықпен қорғалған әдеби және көркем туындыларды мүше елдердегі құқық бұзушылықтардан қорғайтын халықаралық заңдар жиынтығы. Конвенция 1886 жылы Швейцарияның Берн қаласында 10 еуропалық мүше елдермен құрылған. Америка Құрама Штаттары 1989 жылы Берн конвенциясының мүшесі болды.

Берн конвенциясы 1886 жылы жасалды, 1896 жылы Парижде және 1908 жылы Берлинде қайта қаралды; 1914 жылы Бернде толықтырылды және 1928 жылы Римде, 1948 жылы Брюссельде, 1967 жылы Стокгольмде және 1971 жылы Парижде қайта қаралды; 1979 жылы оның мәтініне түзетулер енгізілді.

Бүгінгі таңда 180-нен астам мемлекет Берн одағының толық мүшесі ретінде танылған. Берн конвенциясы барлық одаққа кіретін елдерден белгілі бір деңгейдегі авторлық құқықты қорғауды талап етеді және олар басқа мүше елдердің азаматтары жасаған туындыларды да қорғауы керек. Авторлық құқықпен қорғалған жұмыстар туынды физикалық нысанда пайда болған кезден бастап қорғалған болып саналады және тіркеуді қажет етпейді (<https://www.law.cornell.edu>).

Берн Конвенциясы туындылар мен олардың авторларының құқықтарын қорғауға бағытталған негізгі 3 қағидатқа: ұлттық режим, автоматты қорғау және ең төменгі стандарттар талаптарына негізделген, бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоймаған алғашқы халықаралық құжат болып саналады. Қағидат талаптарына тоқталатын болсақ: ұлттық режим қағидаты басқа елдерде шыққан шетел туындылары мен жергілікті ел аумағында жарық көрген туындыларға қатысты

авторлық құқықтардың қорғалу дәрежесі тең екендігін, автоматты қорғау қағидаты туындының ешқандай формальды түрде тіркелген, тіркелмегендігіне қарамастан қорғалатындығын, ал минимальды стандарттар қағидаты конвенцияда көрсетілген ережелерлерді қатысушы мемлекеттер міндетті түрде қамтамасыз ету керектігін көрсетеді.

Осылайша, әрбір жеке мемлекеттегі авторлық құқықты қорғау деңгейі Конвенцияда көзделгеннен жоғары болуы мүмкін, бірақ одан төмен болмауы керек. Бұл қағидаттар мемлекеттерді Конвенцияны қабылдауға итермелеген мән-жайларды нақты көрсетеді.

Берн конвенциясы ережелеріне сай қорғалатын авторлық құқық объектілері «Әдеби және көркем туындылар» деген тақырып аясында 2 – бапта көрсетілген және оның шеңберінде жазбаша, суреттер, фотография, иллюстрация, киномотография, музыка, хореография т.б. өнер туындылары қарастырылған, олар мәдениеттің жаңа формаларының ойлап табылғандығына байланысты Конвенцияның мәтініне оны қайта қарау барысында қосылды. Сондай-ақ дәрістер, уағыздар және т. б. ауызша шығармаларды қосу да маңызды кезең болып табылды. Қазіргі уақытта әдеби және көркем шығармалардың тізімі ашық, бұл қатысушы елдерге оны ұлттық заңнамада кенейтуге мүмкіндік береді.

Берн конвенциясы Берн одағының мүшелеріне туындыны қалыпты пайдалануға қайшы жағдайларда авторлық құқықтан босатуға мүмкіндік береді.

Авторлық және сабақтас құқықтарға қатысты сауаттылық негіздерін авторлық құқықпен қорғалатын туындыларды анықтай білу, адал пайдалану және адал іскерлік практика мәселелерінде, қажет болған жағдайда рұқсат алу немесе лицензиялар туралы келіссөздер жүргізу, олар орын алған кезде авторлық құқық туралы заң бұзушылықтарды тану және авторлық құқықпен қорғалған материалдарды этикалық пайдалану мүмкіндігі ретінде анықтауға болады.

Авторлық құқық саласындағы сауатты адам авторлық құқықпен қорғалған материалдарды этикалық тұрғыдан және тиімді басқаруға мүмкіндік беретін білімге ие, сондай-ақ альтернативті ақпарат көздерін қалай табуға, пайдалануға және ұсынуға болатындығын біледі (Harris, 2015).

С.Morrison және J.Secker мұны «цифрлық технологиялар дәуірінде авторлық құқықпен қорғалған мазмұнмен жұмыс істеу кезінде адамдарға қажет білім, дағдылар мен мінез-құлық

үлгілерінің өсіп келе жатқан ауқымы» деп анықтайды (Morrison, Secker, 2015: 75-97).

Бүгінгі таңда авторлық құқықты қорғау өзекті мәселе болып тұр және кітапханашылар қауымы осы үрдістен шет қала алмайды. Кітапханашылар, кітапхана және ақпараттық қызмет саласындағы маман ретінде авторлық құқықтың субъектілері болып табылады. Бұл олардың авторлық құқыққа жататын түпнұсқа шығармашылық туындыларды жасай алатынын білдіреді.

Кітапханашылар түпнұсқа деп танылуы мүмкін және интеллектуалды ерекшелігі бар ғылыми мақалалар, каталогтар, библиографиялық тізімдер, нұсқаулықтар және басқа да материалды шығармашылық жұмыстардың алуан түрлерін жасай алады.

Авторлық құқық субъектілері ретінде кітапханашылар өздерінің шығармашылық жұмыстарын пайдалануға және таратуға айрықша құқықтарға ие. Сондай-ақ олар өз жұмыстарын пайдалануды бақылауға және рұқсатсыз пайдалану мен плагиаттан қорғауға құқылы.

Кітапханашылар авторлық құқық субъектілері ретінде авторлық құқыққа қатысты белгілі бір құқықтар мен міндеттерге ие. Солардың кейбіріне тоқталсақ:

Кітапханашылардың құқықтары:

- өзінің кәсіби қызметі шеңберінде авторлық туындыларды жасау және пайдалану құқығы. Мысалы, кітапханашылар каталогтарды, библиографиялық тізімдерді және басқа анықтама-лық материалдарды жасауға құқылы.

- авторлық құқықты қорғау құқығы. Кітапханашылар өздерінің шығармашылық жұмыстарының қолданылуын бақылауға және егер олар бұзылған болса, өз құқықтарын қорғау шараларын қабылдауға құқылы.

- авторлық құқық туралы заңнама шеңберінде авторлық туындыларға қол жеткізу құқығы. Кітапханашылар кітапхана пайдаланушыларына кітаптар мен мақалаларға қол жетімділікті қамтамасыз ету сияқты қызмет көрсету мақсатында авторлық туындыларды пайдалануға құқылы.

Авторлық құқықтарға қатысты шектеулер мен ерекшеліктер кітапханашыларға авторлық құқық иесінің келісімінсіз авторлық туындыларды пайдалануға белгілі бір құқықтар береді. Бұл шектеулер мен ерекшеліктер кітапханашыларға өздерінің кәсіби міндеттерін орындауға және кітапхана пайдаланушылары үшін ақпаратқа қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Кітапханашылар үшін авторлық құқықтағы шектеулер:

1. Ғылыми зерттеу мақсатында көшіру: кітапханашылар өздерінің кәсіби міндеттерін орындау

үшін қажет болған жағдайда ғылыми зерттеулерге арналған авторлық туындыларды көшіруге құқылы. Мысалы, олар зерттеу мақсатында пайдалану үшін журналдардағы немесе кітаптардағы тараулардағы мақалаларды көшіре алады.

2. Білім беру мақсатында көшіру: кітапханашылар оқу материалдарын дайындау немесе студенттердің ақпаратқа қол жетімділікті қамтамасыз ету үшін білім беру мақсатында авторлық туындыларды көшіре алады. Алайда, бұл ақылға қонымды пайдалану шеңберінде және құқық иесіне зиян келтірместен жасалуы керек.

Кітапханашыларға арналған авторлық құқықтағы ерекшеліктер:

1. Шығармаларға қол жетімділікті қамтамасыз ету: кітапханашылар кітапхана пайдаланушыларына авторлық туындыларға қол жеткізуге құқылы. Бұл кітаптарға, журналдарға немесе басқа материалдарға физикалық қол жетімділікті қамтамасыз ету және цифрлық ресурстарға электрондық қол жетімділікті қамтамасыз ету түрінде болуы мүмкін.

2. Шығармаларды мұрағаттау және сақтау: кітапханашылар мәдени мұраны сақтау және ұзақ мерзімді болашақта ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету мақсатында авторлық туындыларды мұрағаттауға және сақтауға құқылы. Бұл кітапханаларға тарихи материалдар мен басқа да құнды туындыларды сақтауға және оларға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

3. Пайдаланушыға көшірмелер беру: кітапханашылар авторлық құқық туралы заң аясында кітапхана пайдаланушыларына авторлық туындылардың көшірмелерін беруге құқылы. Бұл пайдаланушының жеке пайдалануы үшін мақалаларды, тарауларды немесе басқа бөліктерді көшіру түрінде болуы мүмкін.

Кітапханашылар үшін авторлық құқықтағы шектеулер мен ерекшеліктер заңнамаға және құқық иелерінің құқықтарын сақтауға сәйкес қолданылуы керек екенін атап өткен жөн. Кітапха-

нашылар авторлық құқықтың бұзылмауы және кітапхана пайдаланушылары үшін ақпаратқа адал қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін авторлық туындыларды пайдалану кезінде мұқият және жауапты болуы керек.

Кітапханашылар авторлық құқықты қорғау талаптарын сақтауы және кітапханада авторлық туындылардың адал пайдаланылуын қамтамасыз етуі керек.

Кітапханашылардың авторлық құқықты қорғауы – бұл авторлық құқық туралы заңнаманың сақталуын қамтамасыз ету. Кітапханашылар авторлық құқыққа қатысты заңдар мен ережелерді жақсы білуі керек және авторлық шығармалармен жұмыс істеу кезінде оларды ұстанады және авторлық құқықты қорғау үшін әртүрлі техникалық құралдарды да пайдалана алады. Мысалы, олар электронды ресурстарға қол жетімділікті бақылау және авторлық туындылардың рұқсатсыз көшірілуіне немесе таралуына жол бермеу үшін цифрлық технологияларды қолдана алады.

Сонымен қатар, кітапханашылар кітапхана пайдаланушыларына авторлық туындыларды пайдалану ережелері туралы хабардар болуы және авторлық құқықты бұзудың заңды салдары болуы мүмкін екенін түсіндіру үшін білім беру іс-шаралары мен тренингтер өткізе алады. Кітапханашылардың авторлық құқықты қорғау бағытындағы тағы бір маңызды аспектісі – авторлық құқық иелерімен ынтымақтастық. Кітапханашылар құқық иелерімен байланыс орнатып, олардың шығармаларын кітапханада пайдалануға және таратуға рұқсат алуы керек. Бұл авторлық құқыққа қатысты ықтимал қақтығыстар мен дауларды болдырмауға көмектеседі. Жалпы, кітапханашылардың авторлық құқығын қорғау олардың жұмысының маңызды аспектісі болып табылады (<https://nauchniestati.ru/spravka/bibliotekari-kak-subekty-avtorskogo-prava>). Төменде авторлық құқық пен кітапханашылық қызметті салыстыру кестесі берілген (1-кесте).

1-кесте – Авторлық құқық пен кітапханашылық қызметті салыстыру кестесі

| Субъектілер | Шығармалардың авторлары | Кітапханашылар, кітапхана қызметкерлері |
|-------------|--|--|
| Құқықтар | Көбейту, тарату, көпшілік алдында орындай құқығы және т.б. | Ақпараттық ресурстарға қолжетімділікті ұсыну құқығы, кітапхана қорын ұйымдастыру құқығы |
| Міндеттер | Авторлық құқықты қорғау, туындыларды пайдалануды бақылау | Кітапхана ресурстарын ұйымдастыру және сақтау, ақпаратқа еркін қол жетімділікті және авторлық құқықты қорғау |
| Шектеулер | Кейбір туындыларды қолдануға қатысты шектеулер (дәйексөз т.б.) | Заңнамалар шеңберінде кейбір ақпараттарға қолжетімділікті шектеу (балалар әдебиетіне қатысты шектеулер) |
| Қорғау | Сот және өкімшілік шаралар арқылы авторлық құқықты қорғау | Заңнаманы сақтау және ақпаратты пайдалануды бақылау арқылы авторлық құқықты қорғау |

Қорытынды

Авторлық құқықпен қорғалған туындылар Интернет сияқты жаһандық желілер арқылы әлемнің кез келген нүктесіне цифрлық нысанда жиі таратылатын болды. Бұл желінің өсіп келе жатқан мүмкіндіктері қорғалатын материалды онлайн режимінде жаппай сақтауға және жеткізуге мүмкіндік береді. Кез-келген кітаптың мазмұнын жүктеу және жіберу, киберкеңістікте музыка тыңдау және жазу мүмкіндігі қазіргі уақыт шындығы.

Алайда осы кең мүмкіндіктермен қатар авторлық және сабақтас құқықтардың қорғалуына байланысты үлкен мәселе туындайды. Өркенетті қоғамның басты ерекшелігі авторлық және сабақтас құқықтар туралы заңнамаларды, сондай-ақ осы салада қабылданған халықаралық міндеттемелерді қабылдау және сақтау мүмкіншілігі. Сонымен қатар авторлық құқыққа қатысты мәселенің екінші жағын да ұмытпау керек, атап айтқанда: Авторлық құқық абсолютті емес және Еуропаның көптеген елдері белгілі бір жағдайларда авторларға берілген эксклюзивті құқықтарды шектеу

қажеттілігін мойындайды. Бұл шектеулер мен ерекшеліктер жүргізіліп жатқан саясаттың зерттеуге, білімге және басқа да маңызды мақсаттарына қоғамдық қызығушылықты дамытуға көмектесетін ақпаратқа қол жеткізу авторлық құқықтың қажетсіз шектеулеріне ұшырамауын қамтамасыз етеді.

Сонымен, бүкіл әлемнің кітапханашыларының ақпарат пен мәдени мұраға тең, кедергісіз қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін белгілі бір ерекшеліктер қажет. Ақпаратпен жұмыс жасайтын мамандардың ақпаратқа еркін қол жетімділікті ұйымдастыруы үшін айрықша мүмкіншіліктер қарастырылмаса, авторлық құқық монополияға айналады.

Авторлық құқықты қорғау бағытындағы заңнамалар мен дүниежүзілік конвенциялар, шарттар авторлық құқық иелерін сенімді қорғауды қамтамасыз етеді. Сонымен қатар білім беруді, шығармашылықты, зерттеулерді, инновацияларды дамыту үшін пайдаланушыларға ғасырлар бойы жинақталған ғылым мен білімнің жетістіктері мен нәтижелеріне қолжетімділікті ұйымдастыру арқылы жалпы қоғамның дамуына ықпал етеді.

Әдебиеттер

- Бритц, Дж. (2004), Знать или не знать: моальное размышление об информационной бедности// Журнал информатики, 30 (3)7- С.192-204.
- Карамышев И.П. Краткие исторические сведения о петербургских типографиях с 1771 г. и статические сведения и о заведениях печати за 1868- 1895 гг./ И.П.Карамышев. – СПб., 1895.– 31 с.
- Моррисон К., Секер Дж. (2015), Грамотность в области авторского права в Великобритании: опрос библиотекарей и других специалистов сектора культурного наследия, Журнал библиотечных и информационных исследований, том 39, № 121.- С. 75-97
- Покровский И.А. Основные проблемы гражданского права// И.А.Покровский. – М.: Статут (в серии «Классика российской цивилистики»), 2013. – 349 с.
- Панкевич А.В. Объект авторского права. Студента Панкевича // Записки Новороссийского университета. Одесса, 1878. – 59 с.
- Паттерсон, Л. Рэй; Джайс, Крейг (2003). «Авторское право в 1791 году: Эссе о взгляде основателей на авторские права, предоставленные Конгрессу в статье 1. Раздел 8, пункт 8 США Конституция». Юридический журнал Емогу. Школа права Университета Эмори. 52 (1). ISSN 0094-4076.
- Свечникова И.В. Авторское право: учебное пособие /И.И.Свечникова.- Москва:Дашков и Ко.-2009.-208 с.
- Судариков С.А. Основы авторского права. Минск: Амалфея, 2000. – 512 с.
- Спасович В.Д. Права авторские и контрафакция. СПб.: тип. М.О. Вольфа, 1865.-106 с.
- Спасович В.Д. Сочинения / В.Д. Спасович. – 2-е изд. – СПб. : Юрид. кн. склад «Право», 1913.-286 с.
- Форман С., (2012), Закон об авторском праве: всемирное исследование.-Дели: Университетские публикации
- Харрис Л.Э. (2015), “Грамотность в области авторского права и превращение авторского права в жизненный навык”, о законах об авторском праве. com, 6 апреля, доступно по адресу: www.copyrightlaws.com/libraries/copyright-literacy-copyright-life-skill, (21.12.2023 қолжетімді)
- https://ru.wikibrief.org/wiki/Statute_of_Anne, (21.12.2023 қолжетімді)
- https://www.copyright.gov/timeline/timeline_1950-2000., (21.12.2023 қолжетімді)
- https://ru.wikipedia.org/wiki/История_авторского_права, (21.12.2023 қолжетімді)
- <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z960000006>, (21.12.2023 қолжетімді)
- <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z980000297>, (21.12.2023 қолжетімді)
- <https://www.law.cornell.edu>, (21.12.2023 қолжетімді)

https://nauchniestati.ru/spravka/bibliotekari-kak-subekty-avtorskogo-prava/#Права_и_обязанности_библиотекарей_в_отношении_авторского_права, (21.12.2023 қолжетімді)

References

Britz, J.J. (2004) To know or not to know: a moral reflection on information poverty. *Journal of Information Science*, 30 (3), p.192-204.

Karamyshev I.P. Brief historical information about St. Petersburg printing houses since 1771 and static information about printing establishments for 1868-1895/ I.P.Karamyshev. – St. Petersburg, 1895.– 31 p.

Morrison, C., Secker, J. (2015), “Copyright Literacy in the UK: a survey of librarians and other cultural heritage sector professionals”, *Journal of Library and Information Research*, Vol. 39 №121, p.75-97

Pokrovsky I.A. The main problems of civil law// I.A.Pokrovsky. – М.: Statute (in the series «Classics of Russian civil law»), 2013. – 349 p.

Pankevich A.V. The object of copyright. Student Pankevich // Notes of the Novorossiysk University. Odessa, 1878. – 59 p.

Patterson, L. Ray; James, Craig (2003). «Copyright in 1791: An Essay on the Founders’ View of Copyrights Granted to Congress in Article 1. Section 8, paragraph 8 of the U.S. Constitution.» *Emory’s Redirect Magazine*. Emory University School of Law. 52 (1). ISSN 0094-4076.

Svechnikova I.V. Copyright: a textbook / I.I.Svechnikova.- Moscow:Dashkov and Co.-2009.-208 p.

Sudarikov S.A. Fundamentals of copyright. Minsk: Amalfea, 2000. – 512 p.

Spasovich V.D. Copyright and counterfeiting. St. Petersburg.: type. M.O.Wolf, 1865.- 106 p.

Spasovich V.D. S. Writings /V.D. Spasovich. – 2nd ed. – SPB. : Legal. CN. warehouse «Pravda», 1913.-286 p.

Forman S. (2012), *Copyright Law: a World study*.- Delhi: University Publications

Harris, L. E. (2015), “Copyright literacy and translating copyright to a life skill”, in *About copyrightlaws.com*, 6 April 2015, available at:<<http://www.copyrightlaws.com/libraries/copyright-thliteracy-copyright-life-skill/>>, (accessed 21.12.2023)

https://ru.wikibrief.org/wiki/Statute_of_Anne, (accessed 21.12.2023)

https://www.copyright.gov/timeline/timeline_1950-2000, (accessed 21.12.2023)

https://ru.wikipedia.org/wiki/История_авторского_права, (accessed 21.12.2023)

https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z960000006_, (accessed 21.12.2023)

https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z980000297_, (21.12.2023 қолжетімді)

<https://www.law.cornell.edu>, (accessed 21.12.2023)

<https://nauchniestati.ru/spravka/bibliotekari-kak-subekty-avtorskogo-prava/>, (accessed 21.12.2023)

Авторлар туралы мәлімет:

Калима Толеубаевна Туенбаева – п.ғ.к. аға оқытушы, дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасы, әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ. E-mail: tkt.kalima@gmail.com

Данакул Еркінбековна Сейтимбетова – докторант, дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасы, әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ. E-mail: Dana_2976@mail.ru

Сведения об авторах:

Калима Толеубаевна Туенбаева – к.п.н. старший преподаватель кафедры всемирной истории, историографии и источниковедения, Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы E-mail: tkt.kalima@gmail.com

Данакул Еркінбековна Сейтимбетова – докторант кафедры всемирной истории, историографии и источниковедения, Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы E-mail: Dana_2976@mail.ru

Келін түсті: 04.12.2023

Қабылданды: 19.05.2024